

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 16/200 "Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу және қорғау қағидалары, Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 28 ақпанды № 33/410 шешімі . Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 наурызда № 4146 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 27 қыркүйектегі 2023 жылғы № 5/48 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.09.2023 № 5/48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 235 "Жасыл екпелерді күтіп-ұстадың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10886 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпанды № 16/200 "Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу және қорғау қағидалары, Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3546 болып тіркелген, 2018 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзерістер мен толықтырулар енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын:

"Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу және қорғау қағидаларын, Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту туралы";

Маңғыстау облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстаяу және қорғау қағидаларында:

3 тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) ағаштарды кесу – Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Занына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы Зан) 2 қосымшаның 159 тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс;";

3 тармақ жаңа мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

"27) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган белгілеген участеклерде жүзеге асырылатын, ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу бойынша жұмыс.";

11 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Құрылыш салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін участеклерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі.>";

3 бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ағаштарды кесу, санитариялық кесу";

20 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Ағаштарды кесу мынадай:

1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш қызметін, құрылыш-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерусті коммуникацияларына қызмет көрсету;

3) авариялық және төтенше жағдайларды, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;

4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі;

5) адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және занды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жүзеге асырылады;

6) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп түрған кезде.";

22 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"22. Жалпыға ортақ жерлердегі ағаштарды кесуді уәкілетті органның рұқсатымен осы жер участекінде қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.";

25 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"25. Ағаштарды кесу кесілген ағаштардың орнына жеке және заңды тұлғалардан өтемдік отырғызу туралы кепілхат ұсынылған жағдайда уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті орган ағаштарды кесуге рұқсат беру құжаттарында көрсеткен участкерге кайта отырғызылады.";

Маңғыстау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларында:

3 тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар – халық үшін қолжетімді немесе ашық болатын аумақтар, объектілер";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары – өз бетімен жүріп-тұру, көрсетілетін қызметтер, ақпарат алу немесе қеңістікте бағдарлану кезінде қыындық қөріп жүрген, оның ішінде балаларға арналған арбаларды пайдаланатын адамдар, қарттар, мүгедектер";

5-1 тармақ алғыншылтасталсын;

20 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Үй иелерінің аумағында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 183 бүйріғымен бекітілген "Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10796 болып тіркелген) 22-тармағының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 187 бүйріғымен бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17242 болып тіркелген) 55, 56, 57 және 58 тармақтарының талаптарына сәйкес мамандандырылған көлік үшін ыңғайлыш кірме жолдармен контейнерлерді орналастыруға арналған арнайы алаңдар болады.";

31 және 32 тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"31. Қалалар мен елді мекендердің аумағын абаттандыру кезінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарын қоса алғанда, халықтың барлық санаттары үшін жалпыға ортақ пайдаланылатын, тұрғын және рекреациялық мақсаттағы орындарға, сондай-ақ Заңның 20-бабының 23-16) тармақшасына сай бекітілген

сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес көлік инфрақұрылымы объектілеріне қол жеткізуін онтайлы жағдайлармен және құралдармен қамтамасыз етіледі.

32. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген қалалар мен елді мекендердің аумақтарындағы абаттандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады".

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ә.К. Дауылбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облыстық мәслихатының әлеуметтік мәселелер және заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.М. Мендібаев) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасының өкілеттігін жүзеге асыруши,*

*Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы*

*H. Тумышев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК